

2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қаңтардағы № 4 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 қаңтарда № 7497 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Лисаков қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қостанай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Лисаков қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялау үшін жолдауды;

4) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Лисаков қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лисаков қаласының әкімі

А. Исағұлов

Әкімдіктің

2018 жылғы 8 қаңтардағы

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын 2018 жылға арналған Лисаков қаласының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы (аудан, қала)	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Б і р тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі білім б е р у ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
1	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Дельфинчик" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	280	23863,10	3 жасқа дейін - 7480 3 жастан бастап - 9240
2	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Ивушка" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	274	25167,88	3 жасқа дейін - 7480 3 жастан бастап - 9240
3	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Мұрагер" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	276	28661,84	3 жасқа дейін - 7480 3 жастан бастап - 9240
4	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Балапан" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық	160	25576,04	3 жасқа дейін - 7480

		мемлекеттік қазыналық кәсіпорны			3 жастан бастап - 9240
5	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Улыбқа" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	276	23929,04	3 жасқа дейін - 7480 3 жастан бастап - 9240
6	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Нұрлы Жол" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	244	25448,43	3 жасқа дейін - 7480 3 жастан бастап - 9240
7	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Болашақ" бөбекжай-бақшасы " коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	170	28564,70	3 жасқа дейін - 7480 3 жастан бастап - 9240
8	Лисаков қаласы	"Ясли-сад Балақай" на 180 м е с т " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	24971,11	3 жасқа дейін - 7480 3 жастан бастап - 9240
9	Лисаков қаласы	Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің " Красногор негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы толық күн болатын шағын-орталық	25	10001,44	3 жастан бастап - 7700

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК